

БЕКІТІЛГЕН

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ
Басқармасының шешімімен

2026 жылғы «18» маусымдағы хаттама

**ПРЕЙСКУРАНТ**

докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқу құны
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ
шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін
2026–2027 оқу жылына

Білім беру саласының коды және жіктелуі	Даярлау бағыттарының коды және жіктелуі	Білім беру бағдарламалары тобының коды және атауы	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-ның білім беру бағдарламасының коды мен атауы		Оқу мерзімі	Бір білім алушыға (шетел азаматына немесе азаматтығы жоқ адамға) арналған бір оқу жылындағы базалық оқу құны, АҚШ доллары (USD)
8D01 Педагогикалық ғылымдар	8D017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау	D019 Шет тілі педагогтерін даярлау	8D01721	Шетел тілі педагогтарын даярлау	3 жыл	4 290
8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	8D023 Тілдер және әдебиет	D056 Аударма ісі, ілеспе аударма	8D02321	Аударма ісі	3 жыл	4 290
		D059 Шетел филологиясы	8D02322	Шетел филологиясы	3 жыл	4 290
8D03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	8D031 Әлеуметтік ғылымдар	D064 Халықаралық қатынастар	8D03121	Халықаралық қатынастар	3 жыл	4 290
		D065 Аймақтану	8D03122	Аймақтану	3 жыл	4 290

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Осы Прейскурант 2026–2027 оқу жылында докторантураның білім беру бағдарламаларына ақылы негізде оқуға түсетін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.
- Осы Прейскурантта белгіленген оқу құны докторантураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бір оқу жылына арналған базалық оқу құны болып табылады.
- Оқу құны АҚШ долларымен (USD) белгіленген. Осы Ескертпелердің 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, білім беру қызметтерін көрсету шартының валютасы және төлем валютасы АҚШ доллары (USD) болып табылады. Төлем тәртібі мен мерзімдері шартпен, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.
- Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері болып танылатын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін оқу құны қазақстандық теңгемен белгіленеді және төленеді. Қазақстандық теңгедегі оқу құны осы Прейскурантта АҚШ долларымен (USD) белгіленген тиісті оқу құнын 1 USD = 490 KZT есептік коэффициентін қолдана отырып қайта есептеу жолымен айқындалады. Қайта есептеу нәтижесінде айқындалған қазақстандық теңгедегі оқу құны білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта белгіленеді және тиісті оқу жылы ішінде АҚШ долларының қазақстандық теңгеге қатысты ресми, биржалық немесе өзге де бағамының кейіннен өзгеруіне байланысты өзгермейді. Мұндай шарт бойынша барлық есеп айырысу қазақстандық теңгемен жүзеге асырылады.

5. Жекелеген пәндер бойынша академиялық топтар (лектер) қабылдау нәтижелері, білім алушылар саны, білім беру бағдарламаларының мазмұны, кадрлық қамтамасыз ету және ұйымдастырушылық мүмкіндіктер ескеріле отырып, тиісті білім беру бағдарламаларының талаптары, академиялық кредиттер көлемі және жоспарланған оқыту нәтижелері сақталған жағдайда Университетпен қалыптастырылады.

6. Оқу пәндерін (модульдерді) қайта оқу, академиялық айырмашылықты жою кезінде қосымша пәндерді (модульдерді) және академиялық кредиттерді меңгеру, сондай-ақ ақылы негізде көрсетілетін өзге де қосымша білім беру қызметтерінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің Академиялық саясатына сәйкес жеке преysкуранттармен және (немесе) Университеттің ішкі актілерімен айқындалады.